**Автор**: Байтикенова Умутгуль Какимбековна
**Пән**: Құқық негіздері
**Сынып**: 9-сынып
**Бөлім**: Құқық түсінігі
**Тақырып**: Еңбек құқық түсінігі

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 9.4.1.1 ¬ еңбек құқығы ұғымын түсіндіру |
| Сабақтың мақсаты: | Еңбек құқығы туралы біледі және оның қажеттілігін түсінеді |
| Тілдік мақсаттар: | «Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасы (айтылым, тыңдалым дағдылары)<br>«Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» тақырыбында шағын ой-толғау жазу (жазылым дағдысы) |
| Күтілетін нәтиже: | Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтай алады<br>ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіре алады. |
| Бағалау критерийлері: | Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтайды.<br>ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіреді. |
| Құндылықтарды дарыту: | Жауапкершілік, адалдық |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интернет ресурстарынан қажетті ақпаратты ала білу, арнайы сайттармен қолдана алу |
| Пәнаралық байланыс: | Өзін өзі тану пәні, өнер, экономика |
| Бастапқы білім: | Құқық салалары бойынша түсініктері қалыптасқан |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | М Сабаққа кіріспе жасаңыз. 1 тапсырма: Еңбектің адам өмірінде алатын орны мен маңызы жайлы үлгі–өнеге беретін аңыз немесе оқиғаны талданады. Б Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: 1. Берілген аңыз не туралы? 2. Сіз оны қалай түсінесіз? 3. Қандай ой түюге болады? Дескриптор: - Аңыз мазмұнын түсінеді - Аңыздағы негізгі мәселені анықтай алады - Өз ойының жеткізеді | Қосымша 1 |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (25 минут) | Б/Т Еңбек құқығы саласын зерделеу маған не береді деген сұрақ аясында «Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасын орындайды.<br>2 тапсырма: Еңбек туралы мақал мәтелдер, өмірден мысалдар келтіре отырып, төмендегі сұрақтарға жауап береді: 1. Мақалдардың шығу себептері неліктен қажет болды? 2. Неге адамдар осындай мақал-мәтелдерді өмірлерінде қолданды?<br>Дескриптор: - Мақал-мәтелдердің түпкі ойын түсінеді - Мақал-мәтелдердің еңбек мәселесін жеткізу жолдарын талдай алады Ж\Т Еңбек жайлы өзіндік ойлануға мүмкіндік беріледі, жұппен, ал одан кейін көрші жұппен ойларымен бөліседі. 3 тапсырма: анықтаманы өз сөзімен түсіндіру. Еңбек құқығы — меншіктің түріне, шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқықтық пішіміне қарамастан, кәсіпорын (мекеме, ұйым) қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру саласындағы қарым-қатынастарды реттеп, олардың әлеуметтік құқықларын қорғайтын нормалар жиынтығы.<br>Т Төрт топ құралады. Олар ҚР Конституциясының 24-бабының 4-тармағын оқып, мағынасын түсіндіреді.<br>Дескриптор: - Мәтінді оқиды және түсінеді - Мәтіндегі ойды анықтайды және қолдана алады<br>4 тапсырма: Т Топтар бап тармақтарына сәйкес проблемалық жағдаяттарды ойлап тауып, басқа топтардан шешімдерін табуды жасайды. Дескриптор: 1. кәсіпті еркін таңдау көрсетеді 2. еңбектегі теңдік біледі 3. еңбек дауларын шешу мәселесін талдайды 4. тынығуға құқылы екендігін бағалайды | Үлестірме қағаз, оқулық, қосымша мәлімет |
| Сабақтың соңы (5 минут) | Шағын пікір талас ұйымдастыру Б «Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» екі тұжырымның біреуін дәлелдеңіз.<br>Дескриптор: 1. Еңбек ұғымын біледі және түсінеді 2. Еңбекке қатысты мәселені анықтайды және талдайды 3. Еңбек пен міндетті өзара ажыратып, бағалайды | Оқулық |
| Рефлексия (5 минут) | Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:<br>- нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет | Рефлексия парағы |